

**Қамқоршылық кеңестің отырысының
№ 1 Хаттамасы
«Арқалық политехникалық колледжі» КМҚК**

«27» 02 2026 жыл

Қатысқаны: 9 адам

Кеңес Төрағасы – А.К. Муканов
Кеңес хатшысы – С.А. Жиенбаева

Кеңес мүшелері:

1. Жетписбаев С.Г. – КММ «Костанайюжэлектросервис» директоры
2. Матвеев А.А. – 3 курс білім алушысының ата-анасы
3. Омарова А.А. – «Омарова» ЖК басшысы
4. Усенова Ж - 1 курс білім алушысының ата-анасы
5. Кариева Ж.О. – 2 курс білім алушысының ата-анасы
6. Досов Ш.Т. – ЖШС «Каркын» директоры
7. Соколова Т.Ж. – ЖШС «Олви» директоры
8. Кетов И.А. – «Мастер-пласт» ЖК басшысы

Қатыспағаны: 2 адам

1. Тулекбаев С.К. – Арқалық қ. № 4 сайлау округінің депутаты
2. Ерденов А.У. – «Ерденов А.У.» ЖК басшысы

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру, құрамына өзгерістер енгізу, 2026 жылға арналған Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.

Хатшы Жиенбаева С.А.

2. Колледждің 2026 жылға арналған басым бағыттары, Қамқоршылық кеңесі оқу-тәрбие үдерісін, материалдық-техникалық базаны және әлеуметтік серіктестікті дамытуға ықпал ету

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары

Жайлаубаева Гулмира Мейрхановна

3. Студенттерді тәжірибеден өтуге «Еңбек kz» порталы арқылы рәсімдеуге ықпал жасау

Директордың оқу - өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасарының м.а

Жиенбаева Самал Аскарловна

4. 2024–2025 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңес қаражатының қорытынды есебі, қаржыны мақсатты пайдалануы 2026 жылға арналған ұсыныстар

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

Бисенгалиева Адеми Галымжановна

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңестің қызметін ұйымдастыру қағидалары, кеңес мүшелерін сайлау тәртібі, өкілеттік мерзімі мен міндеттері туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар 2026 жылға арналған Қамқоршылық

кеңесінің жұмыс жоспары қарастырылып, талқыланды. Кеңес мүшесі Тулекбаев С.К. – Арқалық қаласы №4 сайлау округінің депутатының жыл бойы өткен кеңес отырыстарына қатыспауына байланысты, кеңес құрамынан шығарылғаны туралы хабарланды. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығының 34 тарау 2 пунктіне сәйкес бос орынға келесі отырысқа дейін тиісті кандидатура ұсынылып, келесі отырыста белгіленген тәртіпке сәйкес орнына басқа тұлға еңгізілетіні ұсынылды.

Екінші мәселе бойынша Колледждің 2026 жылға арналған басым бағыттары таныстырылды және кеңес мүшелерімен талқыланды. Оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру, материалдық-техникалық базаны нығайту және әлеуметтік серіктестікті дамыту мәселелері бойынша ұсыныстар қаралды. Кеңес мүшелері бұл бағыттарды қолдайтындарын білдіріп, іске асыру шараларын белгіледі.

Үшінші мәселе бойынша Студенттерді өндірістік тәжірибеден өткізу барысында «Еңбек kz» порталы мүмкіндіктерін пайдалану тәртібі түсіндірілді. Портал арқылы тіркеу, келісімшарт жасау және есеп жүргізу мәселелері қарастырылды.

Төртінші мәселе бойынша 2024–2025 оқу жылында Қамқоршылық кеңес мүшелері тарапынан жоспарланған қаражаттың игерілуі туралы қорытынды есеп тыңдалды. Қаржылық ресурстардың мақсатты пайдаланылуы талданып, 2026 жылға арналған ұсыныстар енгізілді.

ШЕШІМІ:

1. Қамқоршылық кеңестің қызмет қағидалары мен 2026 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілсін. Тулекбаев С.К. кеңес құрамынан шығарылсын; бос орынға келесі отырыста кандидатура ұсынылып, орнына басқа тұлға сайлансын.
2. Колледждің 2026 жылға арналған басым бағыттары бекітілсін; Қамқоршылық кеңесі оқу-тәрбие үдерісін, материалдық-техникалық базаны және әлеуметтік серіктестікті дамытуға ықпал етсін.
3. Студенттердің тәжірибеден өтуі «Еңбек kz» порталы арқылы ұйымдастырылсын.
4. 2024–2025 оқу жылындағы қаражат игерілуі назарға алынып, 2026 жылға арналған ұсыныстар қабылдансын.

**Қамқоршылық кеңесінің
Төрағасы**

Муканов А.К.

**Қамқоршылық кеңесінің
хатшысы**

Жиенбаева С.А.